

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау, және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 23 ақпанда № 13171 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының м.а. 25.12.2020 № 162 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.09.2018 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 146-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау , және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну туралы қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.09.2018 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну туралы хабарлау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 67 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11564 санымен тіркеліп, "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауды;

3) осы бұйрықтың мүдделі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, сонымен қатар Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры*

*А. Дауылбаев*

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2016 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 13 бұйрығымен бекітілген

**Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы**

## **профилактикалық бақылау мен қадағалау, және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.09.2018 № 110 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау, және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды (бұдан әрі - профилактикалық бақылау мен қадағалау) тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді (бұдан әрі - тағайындау туралы актілер) тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау, және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексінің 146-бабы 2-тармағына сәйкес (бұдан әрі - Кәсіпкерлік Кодексі), Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы " Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы", 2017 жылғы 30 маусымдағы "Прокуратура туралы" заңдарын, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін орындау мақсатында әзірленген.

3. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) ақпараттық есепке алу құжаты (бұдан әрі - АЕК) - құқықтық статистикалық ақпаратты тасымалдаушы, соның ішінде электронды нысандағы (электронды

ақпараттық есепке алу құжаты (бұдан әрі - ЭАЕК)), оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптастырылады;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесі - тексерулерді тағайындау мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

3) тексерулерді, бақылау немесе қадағалау субъектісін (объекті) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тексеруін тіркеу және есепке алу - тағайындау туралы актілерді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды және тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді, тоқтата тұру, қайта қозғау, ұзарту, қатысушылар құрамының өзгеруі туралы хабарламаларды және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсынуларды тіркеу бойынша іс-шаралар кешені;

4) тексерілетін объектілер - бақылау мен қадағалауға жататын тексерілетін субъектінің меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негізіндегі мүлкі;

5) тексерілетін субъектілер - қызметіне бақылау мен қадағалау жүргізілетін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

6) тіркеу және есепке алу субъектілері - қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жататын жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың, соның ішінде мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің қызметіне тексеру жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдарымен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар;

7) уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын, тіркеу мен есепке алуды жүргізуге уәкілеттілігі бар мемлекеттік орган;

8) QR code - шифрланған ақпаратты кодтауға арналған жедел әрекет ету коды

4. Тексерулерді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүргізетін тексерулер және профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша қалыптастырылатын нақты және жеткілікті құқықтық статистикалық ақпаратты жинақтау, есепке алу, талдау және мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға ұсыну мақсатында жүзеге асырылады.

5. Тексерулерді, бақылау немесе қадағалау субъектісін (объекті) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тексеруді тағайындау туралы тіркеу рәсімі:

1) уәкілетті органда келесі АЕК:

осы Қағидалардың 1, 2 қосымшалардың нысанына сәйкес, бақылау немесе қадағалау субъектісін (объекті) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы акт;

осы Қағидалардың 3, 4 қосымшалардың нысанына сәйкес, бақылау немесе қадағалау субъектісін (объекті) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімін ұзарту туралы қосымша актіні;

осы Қағидалардың 5-қосымшасының нысанына сәйкес тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері туралы талонды тіркеу;

2) Қағидалардың 6-қосымшасының нысанына сәйкес тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды тоқтата тұру, қайта бастау, қатысушылар құрамының өзгеруі туралы талон-хабарламаларды есепке алу;

3) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну;

4) уәкілетті органның тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуден бас тарту туралы шешім шығаруы;

5) осы Қағидалардың 7-қосымшасының нысанына сәйкес тексеру нәтижесі туралы актіні, бақылау немесе қадағалау субъектісін (объекті) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау қортындысын, 8-қосымшасының нысанына сәйкес бұзушылықтарды жою туралы нұсқауларды уәкілетті органда есепке алу кіреді.

**2-тарау. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау, және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну тәртібі**

6. Тексеруді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні тіркеуді, Кәсіпкерлік Кодексте және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау басталғанға дейін уәкілетті орган жүзеге асырады.

7. Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, оның мерзімін ұзарту туралы қосымша актіні уәкілетті органда тіркеу үшін уәкілетті органға:

1) тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актінің немесе оның мерзімін ұзарту туралы қосымша актінің түпнұсқасы мен көшірмесі екі данада;

2) тексерілуге жататын талаптар көрсетілген тексеру парағы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру тағайындауға негіз болған құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі ұсынылады.

Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акті тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеру мерзімі аяқталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органда тіркеледі.

Уәкілетті органға бір мезгілде осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы мәліметтердің № 1-П-нысанының есепке алу карточкасы" (бұдан әрі - № 1-П карточкасы) электронды толтырылған - ЭАЕҚ ұсынылады.

Қағаз үлгіде шығарылған және электронды форматта құрылған тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілері, оның мерзімін ұзарту туралы қосымша актілері тең заңды күшке ие.

Кәсіпкерлік Кодекстің 147-бабы 1-бөлігімен тексерілетін субъектіге алдағы болатын тексеру туралы хабарлама беру көзделген жағдайда, уәкілетті органда тіркелген кезде хабарлау фактісін растайтын құжат көшірмесі ұсынылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты тексеру тағайындалған жағдайда, тіркеу субъектісі Кәсіпкерлік Кодекстің 24-бабының талаптарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісінің санатын растайтын құжаттарды ұсынады.

Тағайындау туралы актіні электронды форматта құру барысында жеке кәсіпкерлік субъектісінің санаты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің жүйесінен (тізілімнен) автоматты түрде интеграциялау арқылы көрінеді.

8. Осы Қағидалардың 7, 10-тармақтарында көрсетілген тексерулердің, профилактикалық бақылау мен қадағалаудың ведомстволық автоматтандырылған есебін жүргізу кезінде электрондық цифрлық қолтаңба қойылған құжаттар графикалық көшірмесі тіркеле отырып, осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес электронды форматта жолданады.

Тексерулердің, профилактикалық бақылау мен қадағалаудың ведомстволық автоматтандырылған есебі болмаған жағдайда, осы Қағидалардың 7, 10-тармақтарында көрсетілген құжаттар электронды форматта рәсімделеді және электрондық цифрлық қолтаңба қойылғаннан кейін, осы Қағидалардың 3-тарауымен белгіленген тәртіпте графикалық көшірмесі тіркеле отырып, уәкілетті органның веб-ресурсының көмегімен тіркеуге ұсынылады.

9. Тексеру жүргізу қажеттілігі қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және Қазақстан Республикасының ұлттық мүддесіне төндіретін қауіп-қатерді дереу жоюды талап ететін орын алған әлеуметтік-экономикалық жағдайдан туындаған болса, сондай-ақ бұзушылықтарды тікелей жасау сәтінде олардың жолын кесу және дәлелдемелерді бекіту үшін шұғыл әрекеттерді жүргізу қажеттілігіне байланысты қызметтен тыс уақытта (түнгі уақытта, демалыс және мерекелік күндері) тексеріс жүргізген кезде тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу тексеріс басталғаннан кейінгі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

10. Кәсіпкерлік Кодексінің 144-бабы 3-бөлігінің 1), 1-1) тармақшаларында көзделген негіз бойынша жоспардан тыс тексеруді тағайындаған кезде, тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган тіркеу кезінде уәкілетті органға алдыңғы тексерудің немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижесінде анықталған бұзылушылық фактілерін, сондай-ақ ұйғарымды орындама не бір реттен артық орындамау фактілерін растайтын материалдарды ұсынады.

Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс тексеруді тағайындаған кезде, тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган тіркеу кезінде уәкілетті органға нақты залал келтіру қаупін не залал келтіру немесе құқықты бұзу фактілерді растайтын материалдарды ұсынады.

Уәкілетті органның қызметкері тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерін, оның мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерін тіркеу барысында пысықтауға кері қайтару арқылы тіркеу кезіндегі заңдылықты қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ құқықтық бұзылуының немесе залал келтірудің нақты фактілерін растау үшін қажетті басқа да құжаттарды талап ете алады.

Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-бөлігінің 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс тексеруді тағайындаған кезде, мемлекеттік орган "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 1, 5 және 8-баптары талаптарының бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдайды.

Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-бөлігінің 7) тармақшасында көзделген негіз бойынша жоспардан тыс тексеруді тағайындаған кезде, тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган тіркеу кезінде уәкілетті органға тексерілетін мәселе аясында тексерілетін субъектінің негізгі тексерілетін субъектімен қарым-қатынасын растайтын материалдарды ұсынады.

11. Уәкілетті органның қызметкері ЭАЕҚ-ты алған және тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерін,

олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерін тіркеу рәсіміне ұсынған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерінің, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігін және ЭАЕҚ-ты толтырудың толықтығын тексереді;

2) құжаттардың уақтылы тіркеуге ұсынылуын, тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге құқықтық негіздердің бар болуын, тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімі мен кезеңділігін, тексеруді немесе профилактикалық бақылау және қадағалау тағайындау кезінде мемлекеттік органмен аумақтылық принципін сақтауын тексереді;

3) тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерін, немесе мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерін тіркеуден бас тартуға негіз болмаған жағдайда жүйеде тіркеледі және қағаз үлгілеріне осы Қағиданың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мөртабан қойылады.

Тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерін, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді электронды форматта тіркеген соң тексеру тағайындаған мемлекеттік орган жүйеден QR коды қойылған актіні басып шығарады.

12. Ерекше тәртіп бойынша тексеру жүргізу кестесі (бұдан әрі - график) осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес, профилактикалық бақылау мен қадағалаудың тізімі (бұдан әрі - Тізім) осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысандарда рәсімделіп, мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органының бірінші басшысының актісімен бекітіледі және Excel электронды кестесі нысанында ұсынылады.

Уәкілетті орган нысанға сәйкес емес бекітілген және жіберілген Кестені (Тізімді) бұзылушылықтарды жою үшін, алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады.

Тіркеу субъектісі бұзушылықтарды жойғаннан кейін бекітілген Кестені (Тізімді) ол қайтарылғаннан кейінгі 10 жұмыс күнінің ішінде уәкілетті органға қайта жолдайды.

Кесте (Тізім) уәкілетті органның ғаламтор-ресурсы арқылы Қағидалардың 11 және 12 қосымшаларына сәйкес электронды үлгіде құрылса уәкілетті органға (Excel электронды нысанында) ұсынылады.

13. Тіркеу субъектісінің тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау тағайындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны анықталған жағдайда, уәкілетті органның басшысы не оның міндеттерін



атқарушы, ЭАЕК-ың түскен күнінен бастап 24 сағаттан кешіктірмей тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, олардың мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуден бас тарту туралы тұжырымдама осы Қағиданың 13-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылады.

14. Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, олардың мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеуден бас тарту, келесі негіздердің біреуінің болған кезінде жасалады:

1) тексеру жүргізудің ерекше тәртібі бойынша Кестеде көрсетілмеген тексеруді тағайындау, тәуекелдерді бағалау жүйесін қолданбай не оны бұза отырып қолдану арқылы тексеруді тағайындау;

2) тексеру жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеру тағайындау барысында тексеру жүргізудің кезеңділігін және (немесе) қайталануын бұзу;

3) бақылау және қадағалау органдарының құзыретіне енбейтін мәселелер бойынша тексеру тағайындау, яғни тиісті өкілеттігі жоқ адамдарға тексеру жүргізуді тапсыру;

4) тексеруді тағайындауда не оның мерзімін ұзартуды белгіленген шектеулі мерзімдерден асыру немесе оны уақытылы ұзартпау;

5) иесі бүркемеленген өтініш бойынша тексеру тағайындау;

6) Кәсіпкерлік Кодекстің 151-бабы 6) тармақшасының талаптарын бұза отырып тексеру тағайындау;

7) егер тексерулердің нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталмай, бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның (қаулының, ұсыныстардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау мәселесі бойынша немесе осында тексеруді тағайындаудың мерзімділігі бұза тексеру тағайындау;

8) профилактикалық бақылау мен қадағалау Тізілімінде көрсетілмеген, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау, оның кезеңділігін және (немесе) қайталануын бұзу, тәуекелдерді бағалау жүйесін қолданбай не оны бұза отырып қолдану арқылы тағайындау;

9) "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 8-баптарының талаптарын ескере отырып, жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болатын жазбаша растаудың болмауы (сұрау салу, тапсырма, өтініш, шағым, жүгіну, прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде жүгінулерді сенім телефондары бойынша есепке алу кітабында тіркеу туралы белгі, қарсы тексеру тағайындау кезіндегі актінің көшірмесі және заңнамада көзделген басқа да негіздер);

10) белгілі бір кезеңге не белгілі уақыт аралығы шеңберінен тыс шығатын мәселелер бойынша немесе жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болған құжатта көрсетілген уәждерге тексеру тағайындау;

11) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тағайындау туралы бір актіде тексерілетін бірнеше субъектіні көрсету;

12) міндетті түрде хабарлау туралы талап Кәсіпкерлік Кодекспен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен көзделген кезде, тексеру субъектісіне алдағы тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы хабарлау туралы деректердің болмауы немесе Кәсіпкерлік Кодекстің 147-бабының 1-бөлігінде көзделген хабарлау тәртібін бұзу;

13) Жоспардан тыс тексеру, немесе ерекше тәртіппен жүргізілетін тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау қортындысы бойынша өрескел бұзушылық анықталмауына қарамастан Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 3-бөлігі 1-тармағының негізінде жоспардан тыс тексеру тағайындау;

14) Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізуге негіз болған құжатта бұзушылықтың нақты фактілері мен мән-жайлары және нақты тексерілу субъектісі (объектісі) көрсетілмесе;

15) тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі мен шарттарын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері талаптарын бұзу.

15. Егер тіркеуге қажетті графикалық көшірмелерді жүктемеген (толық жүктемеген), сапасыз (оқу мүмкін емес) көшірме жүктеген жағдайда ЭАЕҚ қайта пысықтауға кері қайтарылады.

16. Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актісі, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актісі тіркеуден бас тартылған тіркеу субъектісі, уәкілетті органның жоғары тұрған лауазымды тұлғасына немесе сотқа шағымдануына құқылы.

17. Тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау немесе тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды мерзімін ұзарту кезінде тіркеу субъектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауы туралы мәселелерді шешу үшін ұсынылған құжаттарды қосымша қарау қажет болған жағдайда, актіні тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім ЭАЕҚ уәкілетті органға келіп түскен кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Кәсіпкерлік Кодекстің 146-бабы 3-бөлігінде көзделген жағдайларда, тексеру тағайындау туралы актіні тіркеу уәкілетті органда тексеру басталғаннан кейін келесі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

18. Тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды тоқтатқан, қайта бастаған, тексеруге немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауға қатысушылар құрамы өзгерген жағдайда, тіркеу субъектісі Кәсіпкерлік Кодекстің 147-бабының 5-бөлігінде және 148-бабында көзделген тәртіпте, тексеруге немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізген лауазымды тұлғалардың құрамының өзгеруі туралы қабылданған шешімнің себептерін көрсе отырып және тексерілетін субъектіні тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды тоқтату, қайта бастау туралы хабарлағандығы жөнінде растайтын құжаттардың графикалық көшірмелерін жүктеу арқылы уәкілетті органға талон-хабарлама жібереді.

19. Профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімі аяқталған соң профилактикалық бақылау мен қадағалау субъектісіне бұзушылық орын алмаған жағдайда қорытынды, немесе профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімі аяқталғанға дейін, сондай-ақ Кәсіпкерлік Кодексінің 144-бабының 3-тармағы он бірінші бөлігінің 1) и 3) тармақшаларының негізінде жүргізілген профилактикалық бақылау мен қадағалау қолданыстағы заңнамаларға сәйкес аяқталғанда да бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым беріледі.

20. Тексеру аяқталған соң, әр тексеру тағайындау туралы акті бойынша сонша тексеру қортындысы бойынша актісі шығарылады.

21. Профилактикалық бақылау мен қадағалау аяқталған соң, бір профилактикалық бақылау мен қадағалау қортындысы немесе ұйғарым шығарылады.

22. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тексеріс нәтижелері туралы актінің көшірмелерін қоспағанда, тіркеу субъектісі тексерудің аяқталуы бойынша үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тексерудің нәтижесі туралы актіні тіркей отырып, тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижесі туралы-талон-ЭАЕҚ ұсынады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес құжат қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға аудиторлық қорытындының графикалық көшірмелерін тіркей отырып, тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижесі туралы-талон-ЭАЕҚ ұсынады

23. Бақылау және қадағалау органының тіркеу субъектісінің бастамасы бойынша тағайындалған тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуден бас тартқан немесе тексеруді, профилактикалық бақылау мен қадағалау аяқталғанға дейін тоқтатқан жағдайда, не тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды жарамсыз (заңсыз) деп таныған жағдайда, тексеруді немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды

жүргізуге немесе оны жарамсыз (заңсыз) деп тануға бастамашылық жасаған мемлекеттік орган, уәкілетті органға шешім қабылданғаннан кейінгі тәулік ішінде № 1-П карточкасын және тексеру нәтижелері туралы талонды жібереді.

24. Мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулер тәртібінің, оларды жүргізу, ұзарту, тоқтату мерзімдерінің, тексерулерді тағайындау, олардың нәтижелері мен аяқталуы туралы актіні ресімдеудің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Салық кодексімен, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен жүргізілетін тексерулер 2015 жылдың 12 қарашасындағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, 2018 жылдың 19 наурызындағы № 392 Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік және қаржылық бақылауды жүргізу қағидаларымен және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүргізу қағидасымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 санымен тіркелген) айқындалады.

25. Уәкілетті органға осы Қағидалардың 7, 10-тармақтарында көрсетілген құжаттармен қатар, тексерулерді тағайындау, ұзарту, тоқтату, қайта бастау, тексеру қатысушыларының құрамын өзгерту негізділігін растауға қажетті материалдар ұсынылады.

26. Кәсіпкерлік Кодексінің 140-бабының 3-тармағында көрсетілген жоспардан тыс тексеру тағайындау туралы актілер туралы жалпы мәліметтер, жеке кәсіпкерлік субъектілері бойынша осы Қағиданың 14-қосымшасына сәйкес Excel электронды кестесі форматында есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірілмей уәкілетті органға жолданады.

27. ЭАЕҚ - № 1-П карточкаларының, тексеріс нәтижелері туралы талонның және талон-хабарламаның деректемелерін тексеруді жүзеге асыратын адам толтыруға тиісті.

ЭАЕҚ көрсеткіштерін, оның ішінде сөздік деректемелерді қамтитын көрсеткіштерді толтыру кезінде уәкілетті орган беретін кодтық белгілеу нөмірлері көрсетіледі.

Енгізілген мәліметтердің нақтылығын, толықтығын, объективтілігін және уақытылығын қамтамасыз ету мемлекеттік орган басшысына және тексеру жүргізген, ЭАЕҚ-ты толтырған жауапты адамдарға, ал алқалы мемлекеттік органдарда - осы бағытқа жетекшілік ететін алқалы мемлекеттік органдардың мүшелеріне және ЭАЕҚ-ты толтырған жауапты адамдарға жүктеледі.

28. № 1-П карточкалары, тексеріс нәтижелері туралы талон және талон-хабарлама мәліметтерінің негізінде уәкілетті органның аумақтық

бөлімшелері осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес бірыңғай нысанда " Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді, тіркеу және есепке алу туралы" № 1-П нысанды есепті (бұдан әрі - № 1-П есеп) Excel электрондық кестесі форматында қалыптастырады.

Әрбір аймақ және мемлекеттік органдар бойынша электронды форматта № 1-П есептері тоқсан сайын ұлғаю қорытындысымен қалыптастырылады және оны уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы не оның міндеттерін атқаратын адам есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне, бекітеді.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің № 1-П есептері мәліметтерінің негізінде уәкілетті органның орталық аппараты тіркеу субъектілері мен аймақтар бөлігінде № 1-П жиынтық есебін қалыптастырады.

Республика бойынша № 1-П нысанды жиынтық есепті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне ұсынады.

29. Тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілері қолданыстағы заңнамалардың талаптарын бұза тіркелген жағдайда жоғары тұрған органмен қабылданған шешімдердің күші жойылуы мүмкін.

Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілердің күшін жою үшін, осы Қағиданың 13-қосымшасына сәйкес тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілердің күшін жою туралы қорытынды шығарылады.

Күшін жою туралы қорытынды екі данада шығарылып, ол туралы шешім қабылданған күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей тіркеу субъектісіне жолданады.

Тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілердің күшін жою туралы қорытындыда Қазақстан Республикасы заңнамаларының және осы Қағидалар талаптарының нақты бұзушылықтары көрсетіледі.

Электронды тіреудің күшін жойған жағдайда уәкілетті органның қызметкері тіркеу субъектісіне тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілердің күшін жою туралы электронды-цифрлық қолтаңба қойылған хабарлама жолдайды.

30. Уәкілетті органның тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді, тексеру, профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін уақытша тоқтату, қайта бастау, тексерушілер құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу, олардың

күшін жою, сондай-ақ тексеру немесе профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеуден бас тарту туралы шешімдер, сонымен қоса электронды форматта Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес шешім қабылданған кезден бастап 3 жыл өткен соң даулауға жатпайды.

### **3-тарау. Тексерулерді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеуді және есепке алуды электрондық форматта жүргізу және Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру тәртібі**

31. Тіркеу субъектілері тексерулерді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеуді және есепке алуды электрондық форматта қалыптастыру мен жүргізуге қатысады.

Тексерулерді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеу және есепке алудың ведомстволық автоматтандырылған жүйесі болмаған жағдайда, мемлекеттік орган уәкілетті органның ғаламтор-ресурстарын пайдаланады.

Тексерулерді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеу мен есепке алудың ЭАЕҚ-мен қойылған деректерінің негізінде уәкілетті орган орталықтандырылған мемлекеттік деректер қорын қалыптастырады және мемлекеттік органдарда электрондық есепке алу журналы қалыптастырылады.

32. Бірлік және тұтастық принциптерін сақтау негізінде тексерулерді, профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеу мен есепке алудың электрондық форматын енгізу, мемлекеттік органдардың тәуекелдерді басқару процестерін автоматтандыру, уәкілетті органның ақпараттық жүйелері арқылы немесе бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдардың ведомстволық жүйелерімен ықпалдастыру арқылы "Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі" Тексерулердің бірыңғай жүйесін (бұдан әрі - ТСОБТ) қалыптастырады.

ТСОБТ мәліметтері электрондық форматта тексерулерді, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеу және есепке алу саласындағы ЭАЕҚ-ты, тексерілетін субъектілер (объектілер) туралы тіркеу субъектілерінің деректерін, ведомстволық тәуекелдерді бағалау жүйелерін және тексеру парақтарын ұсыну арқылы орталықтандырылған деректер банкінің негізінде қалыптастырылады.

ТСОБТ-ны қалыптастыру және жүйелердің өзара іс-қимыл жасауы тексерілетін субъектілердің (объектілердің), сондай-ақ мемлекеттік органның орналасқан аумақтылық принципіне сәйкес тиісті нормативтік-құқықтық актінің және техникалық дайындығының болуына қарай кезең-кезеңімен электрондық форматта жүзеге асырылады.

Уәкілетті органмен, келіп түскен мәліметтердің негізінде құралған тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) орталықтандырылған деректер қоры мемлекеттік органдармен бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру, тексеру Кестелерін және профилактикалық бақылау мен қадағалау Тізілімін құру, профильдік есептерді қалыптастыру, процестерді автоматтандыру және басқа да ведомстволық бақылау жүргізу кезіндегі жұмыста пайдалану үшін қолданылады.

ТСОБТ-ға енгізілген мәліметтердің нақтылығын, толықтығын, объективтілігін және уақытылығын қамтамасыз ету мемлекеттік органның басшысына, тексеру жүргізуге жауапты және мәліметтерді енгізген тұлғаларға жүктеледі.

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау, және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларының 1-қосымшасы

Нысан

Тіркеуші органның атауы

Тексеру актісі 20\_\_ жылғы

"\_\_" "\_\_"

№ \_\_\_\_\_ тіркелді

Тіркеді \_\_\_\_\_

QR-код

## Тексеруді тағайындау туралы акті

№ \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

1. Мемлекеттік органның атауы

---

2. Тексеру жүргізуге уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және оның лауазымы

---

3. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәлімет

---

4. Тексерілетін субъектінің, объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, оған қатысты тексеру/ бақылау және қадағалау

субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу

тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)), оның орналасқан

жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), аумақтың учаскесі

---

5. Тағайындалған тексерудің нысанасы

---

6. Тексеру жүргізудің мерзімі 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ нан 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ дейін

7. Тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде міндетті талаптары тексеруге

жататын нормативтік құқықтық актілердің талаптары

---

8. Тексерілетін кезең 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ нан 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейін

10. Актіге қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)


---
